



ШЕШІМ

06.05.2024

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 174/21-VIII

город Астана

«Астана қаласында аппараттық бағдарламалық фотобейнетіркеу және бейнеталдау кешенін құру және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 171/21-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 163-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына, Астана қаласы Бюджет комиссиясы отырысының 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 8 хаттамасына, Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 29 сәуірдегі № 504-1530 «Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 19 шілдедегі № 180-1488 «Астана қаласында аппараттық-бағдарламалық фотобейнетіркеу және бейнеталдау кешенін құру және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулысы негізінде, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Астана қаласында аппараттық-бағдарламалық фотобейнетіркеу және бейнеталдау кешенін құру және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 171/21-VI шешіміне (бұдан әрі-Шешім) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) шешімнің 1-тармағындағы «24 906 246 921 (жиырма төрт миллиард тоғыз жүз алты миллион екі жүз қырық алты мың тоғыз жүз жиырма бір) теңге» деген сандар мен сөздер «26 510 948 254 (жиырма алты миллиард бес жүз он миллион тоғыз жүз қырық сегіз мың екі жүз елу төрт) теңге» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын;

2) шешімге қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов

Астана қаласы мәслихатының
2024 жылғы 06 мамырдағы
№ 174/21-VIII шешіміне
қосымша

**2018-2024 жылдар кезеңінде «Астана қаласында аппараттық-
бағдарламалық фотобейнетіркеу және бейнеталдау кешенін құру және
пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша
мемлекеттік міндеттемелер**

ИШӨ, ОШӨ, БС бойынша төлемдерді жүзеге асыру кестесі

	Бірлік.	Барлығы	Барлығы 2018 жыл	Барлығы 2019 жыл	Барлығы 2020жы л	Барлығы 2021 жыл	Барлығы 2022 жыл	Барлығы 2023 жыл	Барлығы 2024 жыл
Инвестициялық шығындарды өтеу (ИШӨ)	тенге	8 250 067 300	1 621 137 685	1 702 571 224	2 092 074 000	944 784 000	944 501 000	944 999 391	0
Операциялық шығындарды өтеу (ОШӨ)	тенге	16 797 179 958	555 562 315	1 892 232 776	3 805 000 000	2 753 820 000	2 429 811 000	2 622 313 263	2 738 440 604
Нысанды басқарғаны үшін сыйақы (БС)	тенге	1 463 700 996	0	0	304 500 000	315 000 000	0	629 011 741	215 189 255
ИШӨ, ОШӨ, БС есепке ала отырып, түсімдердің жиыны	тенге	26 510 948 254	2 176 700 000	3 594 804 000	6 201 574 000	4 013 604 000	3 374 312 000	4 196 324 395	2 953 629 859